



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ-НЫҢ

2024 жылғы қызметі
туралы есеп



МАЗМҰНЫ

I. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	4
1.1. Миссиясы және негізгі жетістіктері.....	4
1.2. Халықаралық институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу.....	4
1.3. Бизнес-процестер экожүйесін автоматтандыру.....	7
1.4. Тренер-оқытушылардың әлеуетін арттыру.....	17
II. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ.....	22
2.1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу.....	22
2.2. Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру.....	28
2.3. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру.....	36
2.4. Мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру.....	51
2.5. Оқу-әдістемелік әдебиеттерді жариялау.....	56
III. ПЕДАГОГКЕ АРНАЛҒАН «ҰСТАЗ» ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ.....	58
3.1. Ақпараттық платформаны дамыту.....	58
3.2. Платформаны Қарағанды облысында пилоттық режимде іске асыру.....	61
IV. ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ – ПЕДАГОГТЕРГЕ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ ҚОЛДАУ.....	63
4.1. «943 – Нысаналы мектептерді дамыту» жобасы.....	63
4.2. «Жайлы мектептер» жобасы.....	85
4.3. «Ақтөбе облысында цифрлық ресурстарды қолдана отырып шағын жинақты мектептерді дамыту» жобасы.....	87
V. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ...	90
VI. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ПАНОРАМАСЫ» БАЙҚАУЫ.....	94



I. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

1.1. Миссиясы және негізгі жетістіктері

2024 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ (бұдан әрі – «Өрлеу» БАҰО) өз қызметін педагогтердің кәсібилігін арттыруға бағытталған негізгі миссияны жүзеге асыруға арнады. Бұл миссия – педагогтердің өмір бойы білім алуға деген ұмтылысын қолдау, сапалы білім беру контентін жасау, кәсіби білім алушылар қауымдастығында инновациялық білім мен тәжірибені тарату.

Педагогтердің сұраныстарын талдау негізінде тәжірибеге бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, курс аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға мақсатты қолдау көрсету, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы мен кәсіби санаттарды беру мәселелері бойынша білім беру саясатын қалыптастыруға қатысу және басқа да бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді.

«Өрлеу» БАҰО есепті кезеңде жеті негізгі жетістікке қол жеткізді. Бұл – 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясын әзірлеу және қабылдау, педагогтің үздіксіз кәсіби дамуына арналған «Ұстаз» ұлттық платформасының жұмы-

сын жеделдету, 2022 жылы басталған халықаралық институционалдық аккредитацияны аяқтап, ACQUIN талаптарына сәйкестік сертификатын алу, «Жайлы мектеп», «943 – нысаналы мектеп», «Ақтөбе облысындағы шағын жинақты мектептерді цифрлық ресурстар арқылы дамыту» ұлттық жобалары аясында педагогтерге белсенді қолдау көрсету, халықаралық ұйымдармен стратегиялық әріптестікті нығайту, қызметтің барлық бизнес-үрдістер экожүйесін автоматтандыру, «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауын кәсіби идеялармен алмасудың және тиімді педагогикалық тәжірибелерді тарату алаңы ретінде қайта форматтау.

«Өрлеу» БАҰО тиімді институционалдық құрылымы негізінде жұмысын жалғастырды. Құрылым 16 филиалдан және 4 филиал жанындағы өкілдіктен тұрады («Өрлеу» Алматы облысы бойынша – Жетісу облысында, Шығыс Қазақстан облысы бойынша – Абай облысында, Қарағанды облысы бойынша – Ұлытау облысында, Шымкент қаласы бойынша – Түркістан облысында).

Педагогикалық қызметпен 283 оқытушы айналысты, олардың қатарында 2 ғылым докторы, 8 философия докторы (PhD), 25 ғылым кандидаты және 157 магистр бар.

Тренер-оқытушылардың жарияланымдық белсенділігі артты. 2021–2024 жылдар аралығында Scopus және WoS деректер базасына кіретін журналдарда 15-тен астам мақала, Қазақстан Республикасы ҒЖБМ Білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 25 мақала, халықаралық және республикалық конференциялар жинақтарында 439 мақала жарияланды.

Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында әлеумет-

тік желілерде аккаунттар жүргізілді: Facebook желісінде – 12 мыңнан астам жазылушы, Instagram – 29 мыңнан астам жазылушы, Telegram – 5 мыңнан астам жазылушы.

Онда жаңа білім беру бағдарламаларының басталуы туралы жедел ақпарат, тренер-оқытушылар мен қызметкерлердің қатысуымен тікелей эфирлер жарияланды.

Баспасөзде, электронды басылымдарда, телеарналарда, радиода және интернет-порталдарда 500-ден астам жарияланым жүзеге асырылды, олардың ішінде республикалық деңгейдегілері – 176, өңірлік деңгейдегілері – 350.

1.2. Халықаралық институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу

2024 жылы «Өрлеу» БАҰО Германиялық ACQUIN (Аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институты) тарапынан жоғары баға алды. Халықаралық институционалдық аккредиттеу рәсімі өткізілді. Сертификат «Өрлеу» ұйымының кадрлық және инфрақұрылымдық әлеуетінің Германиядағы ACQUIN Еуропалық аккредиттеу институтының стандарттарына сәйкестігін растайды (аккредиттеу мәртебесі 2029 жылғы қыркүйек айының соңына дейін жарамды).

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі, білім беру үдерісін ұйымдастыру, оқытушылардың қызметі, оқу нәтижелерін мониторингілеу және курс

аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға қолдау көрсету жоғары бағаланды.

ACQUIN талаптарына сәйкес халықаралық институционалдық аккредиттеу рәсімі 2022 жылы басталды. 2023 жылы ACQUIN-нің Сыртқы сараптамалық комиссиясы сапармен келді. Комиссия құрамына еуропалық стандарттар мен нұсқаулықтарға (ESG, 2015) сәйкестікті бағалауда тәжірибесі мол, халықаралық деңгейде танылған сарапшылар енді.

Сыртқы сараптамалық комиссия «Өрлеу» БАҰО кадрлық, ғылыми және материалдық-техникалық әлеуетінің оның миссиясына толық сәйкес келетінін растады. Ұйымдастырушылық

құрылымы, сапаны қамтамасыз ету бойынша ішкі жүйенің болуы, білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысты бизнес-процестер комиссия тарапынан оң бағаланды.

Ұйымдастырушылық құрылым, сапаны қамтамасыз ету бойынша ішкі жүйенің болуы, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) қызметін ұйымдастыру, оқыту нәтижелілігін мониторингілеу, сондай-ақ тыңдаушыларға курс аяқталғаннан кейін қолдау көрсету қызметтерінің жұмысы ESG (Еуропалық сапа стандарттары мен нұсқаулықтары) талаптарына сай келеді.

Халықаралық сарапшылар «Өрлеу»-ге зерттеу стратегиясын күшейтуді және ғылым мен оқытудың арасындағы байланысты нығайтуды ұсынды. Бұл ұсыныстар педагогтердің үздіксіз кәсіби білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

2024 жылы «Өрлеу» БАҰО педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған 12 білім беру бағдарламасына өзіндік бағалау жүргізу үдерісін бастады. Бұл бағалау Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің (IAAR) халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырылуда. Агенттік 20-дан астам елде жұмыс тәжірибесіне ие халықаралық орган болып табылады.

СТАНДАРТТАР МЕН НҰСҚАУЛАРҒА СӘЙКЕС СЫРТҚЫ БАҒАЛАУҒА ҰСЫНЫЛҒАН 12 БАҒДАРЛАМА:

- «Мектепке дейінгі ұйымның пәндік-кеңістіктік дамытушы ортасын ұйымдастыру»
- «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу және жобалау қызметі»
- «Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді іске асыру»
- «География сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру»
- «Биология сабақтарында жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты дамыту»
- «Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану»
- «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»
- «Математиканы оқыту: заманауи үрдістер мен әдістер»
- «Физика бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырудағы заманауи білім беру технологиялары»
- «Химияны оқытудағы инновациялар мен заманауи технологиялар»
- «Тарих сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру»
- «Эмоционалдық интеллект – педагогтің кәсіби міндеттерін шешу құралы»

Халықаралық аккредитация – беру бағдарламаларын жетілдірудің негізі болып табылады. Аталған бағытта мақсатты жұмыстар жалғасуда.


«Өрлеу» білім беру қызметінің сапасын ресми түрде растау және педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына арналған білім

1.3. Бизнес-процестер экожүйесін автоматтандыру

2024 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының қызметтік процестерін автоматтандыру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілді.

Педагогтердің бірыңғай деректер базасы – <https://db.orleu-edu.kz/>

Педагогтердің бірыңғай деректер базасы (ПБДБ) – педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламалары аясында білім беру процесін тиімді басқаруға арналған кешенді шешім. Бұл жүйе бірнеше негізгі процесті қамтиды:




Тыңдаушыларды тіркеу және есепке алу.

Жүйе тыңдаушыларды тіркеу үдерісін автоматтандыруға, оқу топтарын құруға және оқу процесін басқару жүйесімен (LMS) интеграциялауға мүмкіндік береді.

Курс кураторларын тіркеу және есепке алу.

Жүйе кураторлар арасында тапсырмаларды бөлуді қамтамасыз етеді. Кураторлар тыңдаушылардың үлгерімін бақылап, оқу процесін басқара алады.



Сертификаттарды генерациялау

Жүйе оқуды сәтті аяқтаған тыңдаушылар үшін сертификаттарды автоматты түрде генерациялайды. Сертификаттар үлгілер негізінде жасалады.



Лекторлардың сағаттық жүктемесі

Жүйе курстарда өткізілген сағаттарды тіркеп, лекторлардың жұмыс жүктемесін жоспарлауға және сабақ кестесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Сауалнама жүргізу

Тыңдаушылар мен лекторлар арасында сауалнама жүргізу курс жайлы кері байланысты қамтамасыз етеді және бұл білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру үшін маңызды құрал болып табылады.



Біліктілікті арттыру ұйымының кабинеті

Педагогтердің біліктілігін арттырумен айналысатын 63 ұйым тіркеуден өткізілді.

Аналитика қалыптастыру

Жүйе деректерді жинау, өңдеу және талдау функциясымен жабдықталған, бұл курстардың өту барысы мен нәтижелілігі туралы егжей-тегжейлі аналитикалық есептерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.



Есептік кезеңде ПБДБ жүйесіне **2 220 пайдаланушы** тіркелді, жүйені ай сайын орташа қарау саны – **18 000**, бір белсенді пайдаланушының жүйемен өзара әрекеттесу уақыты – орта есеппен **15 минутты** құрады.




2024 жылы «943 – елдің мақсатты мектептерін дамыту» жобасын іске асыру мақсатында ПБДБ жүйесінде білім беру ортасын дамытуға және педагогтермен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды.

Педагогтерге ыңғайлы болу үшін таңдалған курстарға автоматты түрде тіркелу және электрондық поштаға хабарлама жіберу жүйесімен тіркеу формасы әзірленді. Сонымен қатар, өтінімдерді басқаруға, деректерді экспорттауға және статистика алуға мүмкіндік беретін «Нысаналы мектептер» бөлімі құрылды.

Қорытынды тестілеу ағынын және тапсыру уақытын анықтауға арналған сервистер (<https://db.orleu-edu.kz/Course/Info>), тестілеуге кезекке тұруды брондау (<https://db.orleu-edu.kz/Course/Booking>), сондай-ақ тестілеу нәтижелері бойынша есептерді алу (<https://result.orleu-edu.kz/>) сервистері әзірленді. Бұл жүйелер әлеуметтік-эмоциялық дағдылар (SEL) және Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) тесттері бойынша деректерді қамтиды.

Оқу үдерісін басқару жүйесі (Learning Management System) LMS Orleu – <https://lms.orleu-online.kz/>

«Өрлеу» білім беру платформасы – біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларын оқытуға және мониторинг жүргізуге арналған платформа.



Более 200 программ для вашего непрерывного профессионального развития



менеджмент в организации...

Категория слушателей: заместителей
организации образования

ct, 2022



Өрлеу мен BMG

Педагогический менеджмент в условиях дистанционного...

Категория слушателей: руководителей и
заместителей руководителей по учебной
раб...

Last updated on 26 Oct, 2022



Өрлеу мен BMG

Формирование профессиональной...

Категория слушателей: учителей
организаций среднего образования Цель:
формирова...

Last updated on 29 Jul, 2024



ЖҮЙЕ КЕЛЕСІ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ҚАМТИДЫ:

- **Курстарды құру және әкімшілендіру.** Жаңа курстарды құру, негізгі ақпаратты, сипаттаманы енгізу, топтарды баптау, оқу басталатын/аяқталатын күндерді белгілеу, оқыту форматын, курс ұзақтығын және т.б. таңдау мүмкіндігімен.
- **Пайдаланушылар мен топтарды басқару.** Тыңдаушылар мен топтарды қолмен немесе автоматты түрде тіркеу мүмкіндігі бар, бұл жүйенің Тыңдаушылардың бірыңғай деректер базасымен (ПБДБ) интеграциясы арқылы жүзеге асырылады. Тыңдаушылардың деректерін өңдеу, басқа топқа ауыстыру, жаңа курсқа немесе топқа тіркеу функционалы іске асырылған.
- **Оқу материалдарын жүктеу.** Платформа әртүрлі материал түрлерін жүктеуді қолдайды: дәрістер, бейнематериалдар, презентациялар, тесттер, интерактивті тапсырмалар.
- **Тестілеуден өту.** Курс тыңдаушылары білімдері мен дағдыларын бағалау үшін тестілеуден өте алады, бұл оқытушыларға нәтижелерді бақылауға және кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді.
- **Құқықтар мен қол жеткізу режимдерін баптау.** Жүйе пайдаланушылардың рөлдері мен оқу деңгейлеріне байланысты платформаның әртүрлі ресурстары мен функцияларына қолжетімділігін баптауға мүмкіндік береді. «Тыңдаушы» рөліндегі пайдаланушылар басқа тыңдаушының бағаларын көру, балл қою, есептерді жүктеу және т.б. мүмкіндіктерге ие емес.
- **Оқудағы ілгерілеуді қадағалау және есептілік.** Платформа әрбір тыңдаушының оқу барысын бақылауға және талдауға арналған құралдарды ұсынады.

Жалпы жүйеде 189 008 пайдаланушы тіркелген, жүйеге ай сайынғы орташа қаралым саны – 92 000, бір белсенді пайдаланушының жүйемен өзара әрекеттесуінің орташа уақыты – 10 минут.

2024 жылы LMS Orleu платформасының сервері бұрынғы жеткізуші Welldone серверінен «Өрлеу» БАҰО серверіне ауыстырылды. LMS платформасын орналастыру үшін серверлік инфрақұрылым реттеліп, LMS Orleu платформасының нұсқасы 4.0-ге жаңартылды. Сондай-ақ All-in-One Edwiser Bundle плагині мен Edwiser RemUI тақырыбы (<https://edwiser.org/products>) орнатылып, бапталды.

Платформада 150-ден астам курс жасалып, бапталды, оның құрамына

презентациялар, дәрістер және практикалық тапсырмалар толықтай жүктелді. Диагностикалық (ӘЭД, пәндік), қорытынды және модульдік аралық тестілеулерге арналған сұрақтар банкін жүктеу мүмкіндігі іске асырылды. Күтілетін нәтижелерді бақылауға, курстарға қанағаттану деңгейін анықтауға және пайдаланушылардан кері байланыс алуға арналған элементтер бапталды.

Қосымша оқытуды қажет ететін тақырыптарды анықтауға көмектесетін талдаушы - плагин енгізілді.



TELEGRAM БОТТАР



Педагогтерге жедел қолдау көрсету мақсатында Telegram мессенджерінде екі бот әзірленді:

- Help Bot IT (<https://t.me/MaqsattyMekterBot>) – техникалық мәселелер бойынша көмек көрсетуге арналған. Бұл ботты 33 937 пайдаланушы қолданған, 129 854 хабарлама жіберілген, 107 110 өтінім өңделген.

- Help Bot Education (<https://t.me/MaqsattyMekter2Bot>) – курстардың мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап беруге арналған.

Сонымен қатар, тыңдаушылардың тәжірибе алмасуы мен өзара байланысын қамтамасыз ету үшін «Базалық курс / Базовый курс» атты Telegram қауымдастығы (<https://t.me/+613tfQL1-JRkNTVi>) жұмыс істейді.

ВИРТУАЛДЫ ҚАУЫМДАСТЫҚ

- <https://community.orleu-edu.kz/>



Виртуалды педагогтер қауымдастығы – курс аяқталғаннан кейінгі қолдау қамтамасыз ету мақсатында педагогтер арасындағы өзара әрекеттестікке арналған кеңістік. Платформада тәжірибе алмасу, әдістемелік материалдармен бөлісу, кәсіби талқылаулар мен кеңестер жүргізу мүмкіндігі қарастырылған. Қауымдастық қатысушылары мақалалар жариялап, сарапшыларға сұрақтар қойып, білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылай алады.

2024 жылы педагогтерді курс соңында сүйемелдеу, ақпаратты іздеуді жеңілдету және коммуникацияны жақсарту мақсатында виртуалды қауымдастық платформасында топтар мен санаттар енгізілді. Бұл контентті құрылымдауға және тақырыптық талқылау алаңдарын құруға мүмкіндік берді.

Платформада жалпы 33 227 белсенді пайдаланушы тіркелген, олар

аймақ, білім беру деңгейі және оқытылатын пәндерге байланысты 816 топқа бөлінген. 2024 жылы шамамен 5 400 талқылау тақырыбы құрылған. Пайдаланушылардың белсенділігі жоғары, қатысушылар арасында өзара тиімді әрекеттестік пен білім беру ортасындағы өзекті мәселелерге зор қызығушылық байқалады (44 мыңнан астам хабарлама жарияланған).

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛДАР

«Өрлеу. Үздіксіз білім жаршысы», «Өрлеу. Вести непрерывного образования» және «Педагогикалық ғылым және практика», «Педагогическая наука и практика» журналдары <https://journal.orneu-edu.kz/>



Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдардың сайттары – педагогика саласындағы өзекті мәселелерді жариялауға, оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық тәсілдерді ұсынуға, біліктілікті арттыру курстарынан өткеннен кейін алынған кәсіби құзыреттіліктерді практикаға енгізудің нәтижелерін көрсетуге арналған ақпараттық платформалар. Авторлар рецензиялаудан өтетін мақалаларды жариялауға мүмкіндік алса, оқырмандар педагогикалық озық тәжірибемен таныса алады. Бұл платформалар педагогтердің ғылыми әлеуетін дамы-

туға және материалдарға онлайн-қолжетімділікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

2024 жылы журналдардың жұмыс процесі автоматтандырылып, авторлар, рецензенттер мен редакторлар үшін жеке кабинеттер әзірленді. Мақала

тапсыру функциясы қосылды, рецензенттің қорытынды формасы жасалды, мақаланың мәртебесін көру мүмкіндігі енгізілді және т.б. Сонымен қатар 2013 жылдан 2024 жылға дейінгі 48 журнал санының мұрағаты (1000-нан астам мақала) қолжетімді етілді.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ ЖҮЙЕСІ (ЭҚАЖ) - <https://orleu.damubpm.kz/>



Электрондық құжат айналымы жүйесі DamuBPM — құжаттарды электрондық форматта жасау, келісу, сақтау және қадағалау үдерісін автоматтандыруға арналған жүйе. Бұл жүйе ішкі және сыртқы хат-хабарларды өңдеу уақытын жеделдетуге, есептермен жұмысты жеңілдетуге және қағаз құжат айналымының көлемін азайтуға мүмкіндік береді. ЭҚАЖ құжаттарды орталықтандырылған түрде сақтауды, оларды жылдам іздеуді және қауіпсіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Хабарландырулар мен мерзімді бақылау функцияларының арқасында іс қағаздарын жүргізу тиімділігі артады.

2024 жылы кадрлық құжат айналымын басқару, ішкі хат алмасу, кіріс және шығыс хаттар бойынша есептер қалыптастыру, құжаттарды ай, ұйым және тіл бойынша сұрыптау функциялары енгізілді. Сонымен қатар, айлар мен күндер бойынша құрылымдалған хаттар мұрағатын жүктеу функциясы ұйымдас-тырылды.

КОРПОРАТИВТІК АНЫҚТАМАЛЫҚ

- <https://tel.orleu-edu.kz/>



«Өрлеу» корпоративтік анықтама-лығы ұйымның құрылымы, қызметкерлері, филиалдары мен бөлімшелері туралы деректерді басқару үшін әзірленген. Бұл құрал қызметкерлердің өзекті байланыс деректеріне жедел қол жеткізуді қамтамасыз етеді, Microsoft арқылы пайдаланушыларды авторизациялауды қолдайды, сондай-ақ АТӘ (аты-жөні), ұйымы мен құрылымдық бөлімшесі бойынша іздеу және сүзгіден өткізу функцияларын қамтиды. Жүйеде туған күнмен құттықтау хабарламаларын автоматты түрде жіберу функциясы бар, бұл корпоративтік мәдениетті нығайтуға және ұжым ішінде қолайлы атмосфера қалыптастыруға ықпал етеді.

1.4. Тренер-оқытушылардың әлеуетін арттыру

Есеп беру жылы «Өрлеу» БАҰО тренерлер-оқытушыларының кәсіби шеберлігін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жалғастырылды. Оқыту тақырыптары мен форматы білім беру ұйымдарының педагогтерінің кәсіби дамуының өзекті мәселелерін қарастырды.

«Педагог-фасилитатор: аралас және коннективистік оқыту шеңберінде SMART ортасын құру» курсының тақырыбы оқудан кейінгі педагог қызметін сүйемелдеу шеңберінде тренер-

лер-оқытушылардың фасилитация дағдыларын дамыту қажеттілігіне байланысты анықталды (2024 ж. желтоқсан – 2025 ж. желтоқсан, онлайн (вебинарлар)).

Оқыту қатысушыларға заманауи білім беру веб-платформалар мен аралас оқыту құралдарын, офлайн және онлайн оқытудағы фасилитация тәсілдері мен әдістерін, өзіндік оқу ортасын қалыптастыру тәсілдерін, білім алушылармен өзара іс-қимылды жекелендіру мен

тиімділігін арттыру үшін жұмыс құралдарын қолдануды меңгеруге мүмкіндік береді.

Аталған оқыту курсына «Өрлеу» БАҰО-ның 267 тренер-оқытушысы қатысуда. Ұйымдастырушылар: «Buketov University» КЕАҚ және «KazTEA» ЗТБ.

2024 жылы білім берудің өзекті мәселелері бойынша тақырыптық вебинарлар ұйымдастырылды – білім беру сапасын қамтамасыз ету, инклюзивті білім беруді іске асыру, білім мазмұнын жетілдіру, PISA-2022 нәтижелерін түсіндіру және PISA-2025 жаратылыстану сауаттылығы бойынша шеңбер, оқулықтың білім беру үдерісіндегі рөлі (2024 ж. ақпан).

Спикерлер: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының өкілдері.

140-тан астам қызметкер, соның ішінде директорлардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің меңгерушілері, әдіскерлер және «Өрлеу» БАҰО филиалдары мен өкілдіктерінің оқытушылары «7 сессия: деонтологиялық тәрбие» ғылыми-әдістемелік вебинарына қатысты (2024 ж. наурыз).

Қатысушылар педагогикалық деонтологияның негізгі ұғымдарымен танысты, педагогтердің деонтологиялық әлеуетін қалыптастырудың әдістемесі мен құралдарын зерделеді. Вебинар қорытындылары «Өрлеу» БАҰО біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларындағы 2-модуль

«Тәрбиелік және психологиялық-педагогикалық жұмыс аспектілері» мазмұнына енгізілді.

Спикер: Кертәева Галиабану Махметовна, педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Педагогикалық білім беру халықаралық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының мүшесі.

«Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған білім беру онлайн платформасын іске қосу бойынша пилоттық жобаны іске асыру» тақырыбындағы курста (2024 ж. шілде) 120 тренер-оқытушы қатысты.

Курс шеңберінде «Game Development» және «Жасанды интеллект» бағдарламалары бойынша онлайн оқыту өткізілді. Ұйымдастырушы – Astana Hub.

«Білім беруде гендерлік теңдік үшін негізгі құзыреттер мен дағдыларды қалыптастыру» тренингіне (2024 ж. шілде) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер қатысты. Тренинг ЮНЕСКО-ның білім берудегі гендер мәселелері жөніндегі кеңесшісінің қатысуымен өткізілді.

Тренинг бағдарламасына интерактивті технологиялар әдістемелерін қолдану және оқу-әдістемелік материалдарды бағалау мен әзірлеу барысында гендерлік сараптама құралдарын

пайдалану, тренердің фасилитациялық сүйемелдеуі және пленарлық талқылаулар енгізілді.

Қатысушылар педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасының «Білім беруде және білім арқылы гендерлік теңдікті ескеру үшін негізгі құзыреттер мен дағдыларды қалыптастыру» құрылымы мен мазмұнын талдады. Гендерлік мәселелерді ескере отырып, оқу әдістемелік материалдарды әзірлеу бойынша практикалық тапсырмалар пысықталды.

2024 жылы цифрландыру, инклюзия, Lesson Study және әлеуметтік-эмоциялық оқыту (SEL) мәселелері бойынша екінші Teachers' Summit өтті. Teachers' Summit Astana және Teachers' Summit Almaty-ға «Өрлеу» БАҰО-ның 51 қызметкері қатысты (2024 ж. тамыз).

Саммитке қатысу оқытушылар құрамына кәсіби білімдерін тереңдетуге, әріптестермен және халықаралық сарапшылармен тәжірибе және практика алмасуға, әрі кәсіби қызметін жалғастыруда жаңа идеялармен шабыттануға мүмкіндік берді.

«Сапалы білім – әрбір адамға қолжетімді» Ұлттық баяндамасын іске асыру шеңберінде «Өрлеу» БАҰО-ның 20 оқытушысы «Liberal Arts жүйесі бойынша оқыту әдістері» оқыту семинарына қатысты (2024 ж. тамыз).



Бес күндік интенсив барысында сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту және білім алушыларды саналы оқуға тарту әдістемелерін (сұрақ қою, диалектикалық дәптер, «Ілмек» техникасы, «writing from images», «writing to read in the zones» және т.б.) дамыту бойынша инновациялық оқыту стратегиялары меңгерілді және сынақтан өткізілді.

Семинар қорытындысында қатысушылар осы әдістерді білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде қолдану бойынша өз жұмыстарын таныстырып, оларды жалпы білім беретін мектептердің педагогтері арасында таратты.

Практикалық бағыттағы интенсивті Cambridge university PhD докторы, гуманитарлық мектебінің директоры және Narхоз University Басқарма мүшесі, БҰҰ агенттіктерімен бала құқықтарын қорғау және білім беруді дамыту саласында көп жылдық тәжірибесі бар маман Анель Кулахметова өткізді.

«Өрлеу» БАҰО тренер-оқытушыларының сапалық құрамын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жалғасын тбатын болады.







II. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ

2.1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу

Педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламалары ҚР заңнамасына, соның ішінде білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес «Өрлеу» БАҰО» АҚ тарапынан әзірленеді.

Бағдарламалардың мазмұнын әзірлеу және жаңарту педагогтер мен білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби даму қажеттіліктеріне жүргізілген терең талдауға сүйене отырып іске асырылады.

Кәсіби өсудің негізгі бағыттарын анықтауға бағытталған зерттеуге 171 975 педагог (соның ішінде мектепке дейінгі – 21 819, жалпы орта – 147 241, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары – 2 915) қатысты.

Зерттеу барысында диагностикалық құралдар ретінде тыңдаушылардың курс соңындағы жиынтық бағалау нәтижелері, педагогтер мен МОДО, ҰБТ, ОЖСБ сауалнамаларының деректері, сондай-ақ халықаралық салыстырмалы зерттеулер — PISA, PIRLS және TIMSS нәтижелері пайдаланылды.

Бағдарламаларды сапалы және кәсіби тұрғыда әзірлеуді қамтамасыз ету мақсатында ғылыми-педагогикалық қауымдастық тартылды. Олардың қатарында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы, сондай-ақ «Зерттеуші-педагог» және «Педагог-шебер» біліктілік санатындағы педагогтер бар.

Бағдарламалар сараптамасы екі кезеңде: «Өрлеу» ішкі сарапшыларының қатысуымен ішкі сараптама және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің кәсіби сарапшылар қауымдастығы жүргізетін сыртқы сараптама арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарлама жобасының аннотациясы көпшілік талқылау үшін «Өрлеу» БАҰО» АҚ интернет-порталында орналастырылады.

2024 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Сараптамалық кеңесімен келісім бойынша барлығы 56 бағдарлама іске асырылды. Оның ішінде: мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған – 12, жалпы орта білім беру ұйымдарына арналған – 41, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған – 3 бағдарлама.

Бағдарламалар педагогтердің пәндік және кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған және білім беру сапасын арттыруды көздейді. Бағдарламалардың мазмұны білім берудің жалпыұлттық басымдықтарымен және әлемдік даму үрдістерімен өзара байланыста құрылған.

Мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтары:

- ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы – «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»;
- ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысы – «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны бекіту туралы;
- ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы – «Жасанды интеллектіні дамытудың 2024–

2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы»;

- «Баршаға қолжетімді сапалы білім» атты Ұлттық баяндама жобасы;
- «943 – Елдегі нысаналы мектептерді дамыту» жобасы және т.б.

Бағдарламаларды әзірлеу барысында халықаралық шолулардағы негізгі тезистер де ескерілді:

- ЭЫДҰ (ОЕСД) «Білім мен дағдылардың болашағы – 2030» баяндамасы. Білім беру мен дағдылар саласындағы саясат бағдарламасы;
- Еуропалық Одақтың «Цифрлық білім беру жөніндегі іс-қимыл жоспары (2021–2027)», 2-ші басымдық: Цифрлық трансформация үшін цифрлық дағдылар мен құзыреттерді дамыту;
- ЭЫДҰ (ОЕСД) «Education at a Glance» баяндамасы және басқа да құжаттар.

Барлық бағдарламалар «4С моделі» әдістемесі бойынша әзірленген оқу-әдістемелік кешендермен сүйемелденеді (оқыту тапсырмалары, қолдаушы және уақтылы ақпарат, ішінара практика, проблемалық-бағдарланған оқыту).

2024 жылы мемлекеттік тапсырыс аясында 007 «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерінің біліктілігін арттыру», 008 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру» және 009 «Мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру» бюджеттік бағдарламалары бойынша жүзеге асырылды.



Курстардың
жалпы саны

81 803
педагог аяқтады

ОНЫҢ ІШІНДЕ:

мектепке дейінгі
білім беру
ұйымдарының
педагогтері (МДББ)

11 965

орта білім беру
ұйымдарының
педагогтері
(ОББ)

68 458

техникалық және
кәсіптік білім беру
ұйымдарының
педагогтері (ТЖКБ)

1 380



1-кесте. Тыңдаушылар /өңірлер/білім деңгейлері бойынша ақпарат, 2024 жыл

№	Өңірлер	Педагогтер саны	МДББ	ОББ	ТЖКБ
1	Ақмола облысы	3 644	645	2927	72
2	Ақтөбе облысы	3 960	575	3317	68
3	Алматы облысы	3 694	295	3359	40
4	Жетісу	2 409	355	1985	69
5	Атырау облысы	3 048	400	2648	0
6	Шығыс Қазақстан облысы	3 065	325	2675	65
7	Абай	3 880	355	3457	68
8	Жамбыл облысы	4 984	662	4257	65
9	Батыс Қазақстан облысы	4 662	1039	3558	65
10	Қарағанды облысы	3 477	919	2366	192

11	Ұлытау	1 347	365	959	23
12	Қостанай облысы	3 687	475	3149	63
13	Қызылорда облысы	5 231	1086	4025	120
14	Маңғыстау облысы	2 688	460	2155	73
15	Павлодар облысы	4 057	846	3144	67
16	Солтүстік Қазақстан облысы	2 369	388	1931	50
17	Түркістан облысы	13 194	806	12319	69
18	Шымкент қ.	4 763	451	4264	48
19	Алматы қ.	3 509	550	2884	75
20	Астана қ.	4 135	968	3079	88
Барлығы		81 803	11 965	68 458	1 380

Білім беру деңгейлері бойынша лауазымдар бөлінісінде тыңдаушылар құрамы келесідей қалыптасты: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында біліктілікті арттырудан өткен педагогтердің басым бөлігі - 7 309 адам немесе 61% тәрбиешілер, орта білім беру деңгейінде - 16 524 адам немесе 24% бастауыш сынып мұғалімдері, ал техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінде - 1 182 адам немесе 86% жалпы білім беретін пәндердің оқытушылары құрады (2-кесте).

2-кесте. Тыңдаушылардың сапалық құрамы/лауазымы, 2024 жыл

№	Бюджеттік бағдарлама	Педагогтер саны
	007 «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерінің біліктілігін арттыру»	11 965
1	Басшылар (директорлар және директор орынбасарлары)	520
2	Әдіскерлер	525
3	Тәрбиешілер	7 309
4	Қазақ тілі педагогтері	538
5	Бейнелеу өнері педагогтері	175
6	Музыкалық жетекшілер	628
7	Мектепалды даярлық топтарының, мектепалды даярлық сыныптарының педагогтері	1 945

8	Арнайы педагогтер (логопедтер, дефектологтар және т.б.)	325
	008 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру»	68 458
1	Басшылар (директорлар және директор орынбасарлары)	2 125
2	Бастауыш сынып мұғалімдері	16 524
3	Математика мұғалімдері	3985
4	Физика мұғалімдері	1935
5	Химия мұғалімдері	1853
6	Биология мұғалімдері	3098
7	Информатика мұғалімдері	3852
8	География мұғалімдері	2491
9	Тарих және құқық негіздері мұғалімдері	4122
10	Қазақ тілі және әдебиет мұғалімдері	8008
11	Орыс тілі және әдебиет мұғалімдері	5020
12	Ағылшын тілі мұғалімдері	4679
13	Ана тілі (өзб, ұйғ. және т.б.) мұғалімдері	50
14	Музыка мұғалімдері	1397
15	Көркем еңбек мұғалімдері	2616
16	АЭТД педагог-ұйымдастырушылар	1260
17	Педагог-ассистенттер	1000
18	Арнайы педагогтер	1012
19	Арнайы түзету оқу орындарының тәрбиешілері	132
20	Мектеп-интернаттардың тәрбиешілері	-
21	Кәсіптік бағдар беру педагогтері	1197
22	Аға тәлімгерлер	1021
23	Әдіскерлер	1081
24	Кітапханашылар	-
	009 «Мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру»	1 380
1	Жалпы білім беретін пәндер оқытушылары	1 182
2	Арнайы пән оқытушылары	198
Барлығы		81 803

2024 жылы біліктілікті арттыру курстарынан өткен 81 803 педагогтің құрамы келесідей:

- кәсіби тәжірибесі 3 жылдан 20 жылға дейінгі өтілі бар педагогтер - 47 101 адам (57,6%), 20 жылдан жоғары өтілі бар - 19 813 адам (24,2%), ал 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар тыңдаушылар - 14 889 адам (18,2%);
- біліктілік санаттары: «педагог» санатындағы тыңдаушылар - 27 617 адам (33,8%), «педагог-модератор» - 21 644 (26,5%), «педагог-сарапшы» - 17 693 (21,6%), «педагог-зерттеуші» - 14 154 (17,3%) және «педагог-шебер» - 695 адам (0,8%);
- оқыту тілдері: 62 000 адам немесе 75,8% - мемлекеттік тілде, 19 803 адам немесе 24,2% - орыс тілінде оқыды;
- өңір: 35 729 педагог (43,7%) - қалалық, 46 074 педагог (56,3%) - ауылдық;
- гендерлік ерекшелік: 70 187 (85,8%) - әйел, 11 616 (14,2%) - ер адамдар.

Білім деңгейлеріне қарай іріктелген ақпарат 3-кестеде қоса берілген.

3-кесте. Біліктілікті арттыру курстарын бітірген тыңдаушылар туралы жалпы мәліметтер, 2024 ж.

Көрсеткіштердің атауы	Педагогтер саны	МББ	ОББ	ТЖКБ
Педагогикалық өтіл				
3 жасқа дейін	14 889	2305	12 357	227
3 жастан 20 жасқа дейін	47 101	7908	38 378	815
20 жылдан жоғары	19 813	1752	17 723	338
Біліктілік категориялары				
педагог	27 617	5441	21 577	599
модератор	21 644	4021	17 260	363
сарапшы	17 693	1707	15 768	218
зерттеуші	14 154	793	13 167	194
шебер	695	3	686	6
Оқыту тілі				
Мемл.тілде	62 000	9 552	51 526	922
Орыс тілінде	19 803	2 413	16 932	458
Өңір				
қала	35 729	5880	28 900	949
ауыл	46 074	6085	39 558	431
Гендерлік ерекшелік				
ер	11 616	88	11 044	484
әйел	70 187	11877	57 414	896
Барлығы	81 803	11 965	68 458	1 380



2.2. Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру

2024 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша 11 965 мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері оқытылды. Мектепке дейінгі білім берудің өзекті бағыттарын қамтитын 12 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылды (4-кесте).

4-кесте Мектепке дейінгі ұйымдары педагогтердің біліктілігін арттыру туралы ақпарат, 2024 ж

	Педагогтердің лауазымдары/ білім беру бағдарламалары	Курс саны	Тыңдаушылар саны
Басшылар			
1	«Мектепке дейінгі ұйымдардың білім сапасын басқару»	19	520
Әдіскерлер			
2	«Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	21	525
Тәрбиешілер			
3	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	60	1535
4	«Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру»	75	1890
Музыкалық жетекшілер			
5	«Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	24	628
Педагогтер			
6	«Мектепке дейінгі ұйымдардың қазақ тілі педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	23	538
7	«Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу дағдыларын дамытудағы заманауи тәсілдер»	7	175
8	«Мектеп жасына дейінгі балаларда этномәдени құндылықтарды қалыптастыру бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	52	1305

9	«Мектепке дейінгі дайындықтың практикалық және мазмұндық аспектілері»	76	1945
10	«Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру»	61	1525
11	«Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы арт-педагогикалық технологиялар»	42	1054
Дефектолог-мұғалімдер			
12	«Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда дефектологтардың түзету-дамыту қызметін оңтайландыру»	13	325
Барлығы		473	11965

Өңірлер арасынан тыңдаушылардың басым көпшілігі Қызылорда облысынан оқыды. Аумақтық ерекшелік бойынша ауылдық мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үлесі басымдық (50,9%) көрсетті (5-кесте).

5-кесте. МББ ұйымдарының тыңдаушылары туралы жалпы ақпарат, 2024 жыл

№	Өңірлер	педагогтер саны	мемлекеттік тілде	орыс тілінде	қала	ауыл
1	Ақмола облысы	645	344	301	219	426
2	Ақтөбе облысы	575	475	100	215	360
3	Алматы облысы	295	295	0	19	276
4	Жетісу	355	355	0	132	223
5	Атырау облысы	400	400	0	203	197
6	ШҚО	325	200	125	133	192
7	Абай	355	280	75	130	225
8	Жамбыл облысы	662	567	95	167	495

9	БҚО	1039	962	77	422	617
10	Қарағанды облысы	919	535	384	561	358
11	Ұлытау	365	310	55	327	38
12	Қостанай облысы	475	200	275	192	283
13	Қызылорда облысы	1086	1086	0	313	773
14	Маңғыстау облысы	460	460	0	191	269
15	Павлодар облысы	846	505	341	386	460
16	СҚО	388	185	203	106	282
17	Түркістан облысы	806	806	0	195	611
18	Шымкент қ.	451	451	0	451	0
19	Алматы қ.	550	475	75	550	0
20	Астана қ.	968	661	307	968	0
Барлығы		11 965	9 552	2413	5 880	6 085

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілік санаттары: 45,5% «педагог», 33,6% «педагог-модератор», 14,3% «педагог-сарапшы», 6,6% «педагог-зерттеуші» және 0,03% «педагог-шебер».

6-кесте. МББ ұйымдары тыңдаушыларының сапалық құрамы, 2024 ж.

№	Өңірлер	Педагог-тер саны	педагог	педагог - модератор	педагог -сарапшы	педагог - зерттеуші	педагог - шебер
1	Ақмола облысы	645	358	189	78	20	
2	Ақтөбе облысы	575	278	165	99	33	

3	Алматы облысы	295	147	108	33	7	
4	Жетісу	355	157	140	37	21	
5	Атырау облысы	400	171	157	54	18	
6	ШҚО	325	138	125	51	11	
7	Абай	355	167	121	48	19	
8	Жамбыл облысы	662	330	224	80	28	
9	БҚО	1039	428	422	144	44	1
10	Қарағанды облысы	919	419	267	141	92	
11	Ұлытау	365	211	91	43	20	
12	Қостанай облысы	475	228	155	68	24	
13	Қызылорда облысы	1086	379	500	157	50	
14	Маңғыстау облысы	460	230	155	55	20	
15	Павлодар облысы	846	344	276	163	63	
16	СҚО	388	202	114	51	21	
17	Түркістан облысы	806	370	290	108	38	
18	Шымкент қ.	451	135	125	95	95	1
19	Алматы қ.	550	278	110	69	93	
20	Астана қ.	968	471	287	133	76	1
Барлығы		11 965	5441	4021	1707	793	3

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарының сапасы бойынша мониторинг нәтижелері

Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру аясында тыңдаушылар диагностикалық және қорытынды тестілеуден өтті. Оқу соңында педагогтердің «білім деңгейінің өсімі» орта есеппен 31,5%-ды құрады (7-кесте).

7-кесте. Тыңдаушылардың қорытынды тестілеу нәтижелері, 2024 жыл

№	Аймақтар	Педагог саны	Оқу қорытындысы бойынша білім деңгейінің өсімі (%)
1	Ақмола облысы	645	14,1
2	Ақтөбе облысы	575	21,8
3	Алматы облысы	295	35,7
4	Жетісу облысы	355	28,1
5	Атырау облысы	400	30,7
6	ШҚО	325	14,7
7	Абай облысы	355	13,7
8	Жамбыл облысы	662	37,5
9	БҚО	1039	38,9
10	Қарағанды облысы	919	38,6
11	Ұлытау облысы	365	36,5
12	Қостанай облысы	475	23,9
13	Қызылорда облысы	1086	31,7
14	Маңғыстау облысы	460	46,5
15	Павлодар облысы	846	30,9
16	СҚО	388	33,9
17	Түркістан облысы	806	42,9
18	Шымкент қаласы	451	39,4
19	Алматы қаласы	550	38,0
20	Астана қаласы	968	19,7
Барлығы		11 965	31,5

Курстар аяқталғаннан кейін тыңдаушылар арасында білім беру бағдарламасының мазмұнына, оқу материалдарына, профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби деңгейіне, сондай-ақ біліктілікті арттыру курстарының ұйымдастырылуына баға беру мақсатында сауалнама жүргізілді (10 балл шкаласы бойынша) (8-кесте).

8-кесте. Мониторинг нәтижелері / білім беру бағдарламалары, 2024 жыл

	Атауы	Педагог саны	Қанағаттану деңгейі	
			Бағдарламаның мазмұны	Курстың ұйымдастырылуы
1	«Мектепке дейінгі ұйымдардың білім сапасын басқару»	520	9,9	9,9
2	«Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	525	9,9	9,9
3	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	1535	9,9	9,9
4	«Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру»	1890	9,9	9,9
5	«Мектеп жасына дейінгі балаларда этномәдени құндылықтарды қалыптастыру бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	1305	9,9	9,9
6	«Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру»	1525	9,8	9,8
7	«Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы арт-педагогикалық технологиялар»	1054	10,0	9,9
8	«Мектепке дейінгі ұйымдардың қазақ тілі педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	538	9,9	9,8
9	"Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісінің кәсіби құзыреттілігін дамыту"	628	9,9	9,8

10	«Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері»	1945	9,9	9,9
11	«Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу дағдыларын қалыптастырудағы заманауи тәсілдер»	175	9,9	9,8
12	«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде дефектолог-мұғалімдердің түзету-дамыту қызметін оңтайландыру»	325	9,8	9,7
Барлығы		11 965	9,9	9,9

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен МДҰ педагогтерінің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу

Педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген) және «Өрлеу» БАҰО» АҚ оқудан өткен педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу туралы ереже негізінде жүзеге асырылады (Басқарма төрағасының 03.08.2023 ж. № 227 бұйрығымен).

2024 жылы курстан кейінгі сүйемелдеумен педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту траекториясының бекітілген жоспарларына сәйкес барлығы 11 965 адам қамтылды.

МДҰ басшылары мен педагогтерін курстан кейінгі сүйемелдеудің мазмұны білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес анықталды (тәрбие-білім беру процесін тиімді жобалау және басқару, оқу пәнінің сапасын бағалау дағдыларын дамыту- халықаралық ECERS-R шкаласын қолданатын мектепке дейінгі ұйымның кеңістіктік даму ортасы, сондай-ақ басқару іс-әрекетінде IT-технологияларды, цифрлық білім беру ресурстарын және виртуалды зертханаларды пайдалану).

Курстан кейінгі кезеңде педагогтер әртүрлі ойын түрлерін, арт-

педагогикалық технологияларды қолданды, білім алушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, даралау тәсілдерін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің белсенді әдістері мен тәсілдерін енгізді. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері бірқатар семинарлар, вебинарлар мен шеберлік сыныптарын ұйымдастырды. «Өрлеу» филиалдары педагогтарды курстан кейінгі сүйемелдеу аясында 143 іс-шара өткізді (кесте 9).

9-кесте. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін курстан кейінгі сүйемелдеу / өңірлер, 2024 жыл

	Аймақ	Іс-шара		Бар-лығы
		Семинарлар	Шебер-сыныптар, дөңгелек үстелдер және т.б.	
1	Алматы обл.	8	1	9
2	Ақтөбе обл.	13		13
3	Ақмола обл.	7		7
4	Атырау обл.	3		3
5	Абай обл.	2	1	3
6	ШҚО обл.	2	2	4
7	БҚО обл.	12		12
8	Жамбыл обл.	8		8
9	Жетісу обл.	2		2
10	Маңғыстау обл.	10		10
11	Қарағанды обл.	5		5
12	Қызылорда обл.	10		10
13	Қостанай обл.	4	1	5
14	Павлодар обл.	14	2	16
15	СҚО обл.	13		13
бойынша оқудан өткен әдіскерлерге арналған посткурстық қолдау жөніндегі Әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Бірлескен жұмыс «Өрлеу» БАҰО» АҚ бекіткен әдіскерлерге арналған посткурстық қолдау жоспарына сәйкес жалғасуда (білім алушылардың білім сапасына мониторинг жүргізу, мақсатты мектептер педагогтерінің сабақтарына апта сайын қатысу, мақсатты мектептермен өзара іс-қимыл жоспарын орындау нәтижелері бойынша әдіскерлермен кездесулер және т.б.).

«943 – Қазақстан мектептерін дамыту» жобасына қатысушыларға кешенді қолдау педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту жүйесі аясында жүргізілді.

Дамыту бағдарламаларының басты мақсаты – білім алушылардың білім жетістіктерінің тұрақты өсімін қамтамасыз ету үшін оқыту сапасын арттыру.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ жүргізген диагностика және оқу жетістіктерін бағалау (ОЖБ), МОДО (мониторинг), ҰБТ, халықаралық зерттеу нәтижелері негізінде педагогтердің кәсіби дефициттері анықталды.


Мақсатты мектептердің педагогтерінің кәсіби қажеттіліктерін ескере отырып, пәндік және әдістемелік құзыреттіліктерін арттыру бойынша үш деңгейлі бағдарламалық модель (1-сурет) әзірленді.

Бастауыш сынып мұғалімдері,

жаратылыстану-математикалық бағыт (ЖМБ) және қоғамдық-гуманитарлық бағыт (ҚГБ) мұғалімдеріне арналған кәсіби даму курстарын ұйымдастыру барысында 11 білім беру бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленді, 362 оқытушы бейнематериал, 11 тест спецификациясы және 6000-нан астам аралық және қорытынды бағалау құралдары дайындалды. Барлық материалдар сыртқы сараптамадан өткізілді.

Тыңдаушыларға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында Бағдарламаның әрбір деңгейінде диагностикалық/кіріспе тестілеу (жеке білім беру траекториясын айқындау) және қорытынды бағалау өткізілді.

Сурет 1. Мақсатты мектептердің педагогтерін оқыту



Бағдарламаның базалық деңгейі

Базалық деңгей бағдарламасы бірнеше негізгі кезеңнен тұрады: диагностикалық тестілеу, оқыту және сүйемелдеу, қорытынды тестілеу, оқу нәтижелерін талдау және интерпретациялау.

Базалық деңгей курстары бастауыш сынып, қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша


43 724
педагогті қамтыды

Оқыту форматы қашықтан оқыту лекциялары, педагогикалық кейстерді талдау, сабақтарды моделдеу, интерактивті тәжірибелік сабақтар, оқу үдерісіндегі күрделі педагогикалық жағдайлар мен проблемалық аспектілерді бірлесе талқылау, онлайн-кеңес беру және педагогтерге кәсіби сүйемелдеу көрсетуді қамтыды.

Бағдарламаның осы деңгейі аясында 118 тікелей (LIVE) сессия өткізілді. Бұл сессияларда педагогтер нақты уақытта өз сұрақтарына жауап алып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Сессиялардың жазбалары барлық педагогтер үшін «Өрлеу» YouTube арнасында сақталған (<https://www.youtube.com/@orleukz>).

Диагностикалық және қорытынды тестілеу нәтижелерінің деректерін талдау Базалық деңгей бағдарламасының тиімділігін көрсетеді. Егер диагностикалық тестілеу кезеңінде бірінші мүмкіндіктен сәтті өткен педагогтердің үлесі бар болғаны 37,3% болса, Базалық курсты аяқтағаннан кейін бұл көрсеткіш 67,3%-ға дейін артты (2-сурет).

2-сурет. Педагогтердің пән бөлінісі бойынша диагностикалық және қорытынды тестілеуден өту көрсеткіші



Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

Тесті орындау көрсеткіштерінің айтарлықтай өсімін «Физика», «Орыс тілі» және «География» пәндерінің педагогтері көрсетті (40%-дан астам). Ең төмен өсім «Ағылшын тілі» пәні бойынша тіркелді – 5,4%.

Салыстырмалы бағалау нәтижелері біліктілікті арттыру бағдарламасының бірінші кезеңінде құрылған

модульдер мақсатты мектептердің педагогтеріне пәндік білімін толықтыруға, оқытудың жаңа тәсілдері мен әдістемелерін өзектендіруге мүмкіндік бергенін көрсетеді.

Базалық деңгейден өткен педагогтердің қорытынды тестілеу нәтижелері өңірлік бөлінісі бойынша төменде берілген (25, 26, 27, 28-кестелер).

25-кесте. «Қоғамдық-гуманитарлық бағыт»

	Аймақ	Қазақ тілі		Орыс тілі		Ағылшын тілі		Тарих		Орташа орындау %-ы
		Барлығы	Орындау %-ы	Барлығы	Орындау %-ы	Барлығы	Орындау %-ы	Барлығы	Орындау %-ы	
1.	Жетісу облысы	331	76,5	246	87,9	280	78,9	202	78,1	80,3
2.	Атырау облысы	257	71,8	164	87,6	235	81,1	138	78,1	79,7
3.	Шымкент қаласы	433	73,9	248	83,8	397	82,0	212	78,5	79,5
4.	Жамбыл облысы	421	77,8	272	83,0	374	81,2	234	74,6	79,2
5.	ШҚО	100	76,5	56	84,9	69	76,8	41	77,0	78,8
6.	Қызылорда облысы	300	75,4	193	85,0	224	79,4	220	74,9	78,7
7.	Қарағанды облысы	475	77,2	212	82,1	348	78,8	215	76,1	78,6
8.	Ақтөбе облысы	125	72,8	62	83,0	111	79,5	59	78,2	78,4
9.	Ақмола облысы	56	79,0	25	78,2	43	79,0	34	77,3	78,4
10.	Түркістан облысы	902	74,4	748	79,7	883	79,5	592	75,0	77,2
11.	Маңғыстау облысы	597	74,4	403	79,6	640	76,5	326	77,1	76,9
12.	Ұлытау облысы	53	72,0	26	79,8	36	84,7	27	70,4	76,7
13.	БҚО	213	72,3	133	81,4	188	76,8	127	74,0	76,1
14.	Алматы қаласы	198	76,7	74	75,9	129	78,0	62	73,6	76,1
15.	Қостанай облысы	50	73,4	31	81,5	31	73,8	27	75,3	76,0
16.	Алматы облысы	722	73,1	522	79,7	729	75,2	418	75,8	76,0
17.	Абай облысы	287	71,6	148	80,1	249	76,1	152	71,9	74,9
18.	СҚО	86	74,0	54	81,3	52	73,6	46	70,8	74,9
19.	Астана қаласы	300	74,1	107	80,6	271	71,4	129	69,8	74,0
20.	Павлодар облысы	74	71,6	29	82,2	51	69,6	33	70,9	73,6
	Орташа мәні	5980	74,6	3753	81,7	5340	78,0	3294	75,4	77,4

Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

26-кесте. «Жаратылыстану бағыты»

	Аймақ	Биология		География		Химия		Орташа орындау %-ы
		Барлығы	Орындау %-ы	Барлығы	Орындау %-ы	Барлығы	Орындау %-ы	
1.	СҚО	25	76,0	22	85,3	18	79,3	80,2
2.	Қызылорда облысы	117	76,3	109	84,0	82	77,3	79,2
3.	Қостанай облысы	19	76,6	10	76,8	7	81,7	78,4
4.	Ақтөбе облысы	42	73,6	25	81,4	28	79,1	78,1
5.	Жетісу облысы	106	75,7	96	77,4	70	80,4	77,8
6.	Жамбыл облысы	137	74,6	100	81,8	86	77,0	77,8
7.	Шымкент қаласы	154	76,2	106	76,3	89	80,9	77,8
8.	ШҚО	20	75,2	24	79,7	20	76,4	77,1
9.	Қарағанды облысы	121	74,7	103	80,6	89	76,0	77,1
10.	Атырау облысы	88	74,0	58	79,4	62	75,4	76,3
11.	Ақмола облысы	14	72,6	18	79,1	13	75,4	75,7
12.	Абай облысы	92	73,9	75	77,3	61	74,7	75,3
13.	Алматы облысы	242	71,8	196	76,2	164	77,4	75,1
14.	Түркістан облысы	347	72,8	270	73,9	237	78,0	74,9
15.	Маңғыстау облысы	191	75,4	159	73,5	122	75,1	74,7
16.	БҚО	79	74,5	59	70,9	49	78,6	74,7
17.	Алматы қаласы	50	70,6	37	77,0	31	75,9	74,5
18.	Павлодар облысы	17	69,6	13	78,2	17	68,7	72,2
19.	Астана қаласы	90	68,3	52	69,1	52	73,1	70,1
20.	Ұлытау облысы	12	67,0	17	67,1	9	75,6	69,9
	Орташа мәні	1963	73,8	1549	76,8	1306	77,1	75,9

Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

27-кесте. «Математикалық бағыт»

	Аймақ	Математика		Информатика		Физика		Орташа орындау %-ы
		Барлығы	Орындау %-ы	Барлығы	Орындау %-ы	Барлығы	Орындау %-ы	
1.	Қызылорда облысы	228	79,4	141	76,5	76	89,9	82,0
2.	Жетісу облысы	235	80,0	137	77,9	74	83,2	80,4
3.	Қарағанды облысы	259	78,8	155	74,6	87	85,7	79,7
4.	Ақтөбе облысы	68	80,4	41	72,8	24	83,0	78,7
5.	Шымкент қаласы	269	79,0	189	77,4	87	79,6	78,7
6.	БҚО	140	76,2	94	77,5	54	81,9	78,6
7.	Алматы қаласы	79	77,5	53	75,2	31	82,8	78,5
8.	Атырау облысы	143	79,0	95	74,1	47	82,1	78,4
9.	Түркістан облысы	781	78,8	465	74,1	231	80,9	77,9
10.	СҚО	51	76,9	19	73,3	19	83,2	77,8
11.	Жамбыл облысы	282	76,4	161	75,0	68	81,8	77,7
12.	Ұлытау облысы	30	75,7	21	75,8	6	81,3	77,6
13.	Маңғыстау облысы	422	75,7	308	75,9	137	78,2	76,6
14.	ШҚО	48	77,3	23	70,1	18	82,0	76,4
15.	Ақмола облысы	30	79,3	20	76,0	12	73,0	76,1
16.	Абай облысы	178	80,2	118	72,6	66	75,4	76,1
17.	Алматы облысы	529	79,0	326	72,7	168	74,8	75,5
18.	Астана қаласы	144	76,9	107	68,4	37	80,6	75,3
19.	Қостанай облысы	27	72,6	17	77,6	10	74,4	74,9
20.	Павлодар облысы	35	72,6	22	62,9	12	74,7	70,0
	Орташа мәні	3978	78,2	2512	74,6	1264	80,5	77,8

Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

28-кесте. «Бастауыш сынып»

	Аймақ	Бастауыш сынып	
		Барлығы, адам	Орындау %-ы
1.	Қарағанды облысы	945	78,7
2.	Абай облысы	614	77,2
3.	Жетісу облысы	623	76,8
4.	Шымкент қаласы	941	76,6
5.	СҚО	172	76,3
6.	БҚО	490	76,3
7.	Қызылорда облысы	624	76,2
8.	Жамбыл облысы	826	76,2
9.	ШҚО	182	75,7
10.	Ақтөбе облысы	241	75,1
11.	Қостанай облысы	96	74,2
12.	Ұлытау облысы	136	74,1
13.	Ақмола облысы	147	73,9
14.	Алматы қаласы	275	73,8
15.	Маңғыстау облысы	1457	73,7
16.	Атырау облысы	603	73,5
17.	Павлодар облысы	184	73,1
18.	Алматы облысы	1738	72,8
19.	Астана қаласы	538	71,7
20.	Түркістан облысы	1953	71,7
	Барлығы	12785	74,6

Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

Педагогтердің қала мен ауыл мектептерінің бөлінісі бойынша нәтижелерін талдау кезінде қорытынды көрсеткіштерінде елеулі айырмашылықтар анықталмады. ҚР бойынша орта есеппен тесті орындаудың ең жоғары көрсеткіштері Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Жетісу облыстарының қала және ауыл мектептері педагогтеріне тиесілі (29-кесте).

29-кесте. Педагогтердің қала мен ауыл мектептерінің бөлінісі бойынша тестілеу нәтижелері

	Аймақ	Барлығы, адам	Максималды баллдың пайыздық орындалуы	
			қала	ауыл
1.	Қарағанды облысы	3009	78,9	77,9
2.	Жетісу облысы	2400	80,2	79,0
3.	Ақтөбе облысы	826	77,6	77,5
4.	Шымкент қаласы	3125	78,0	
5.	Қызылорда облысы	2314	77,1	78,6
6.	ШҚО	601	77,7	77,6
7.	Ақмола облысы	412	78,6	75,9
8.	Абай облысы	2040	76,2	77,6
9.	СҚО	564	78,1	75,8
10.	Алматы қаласы	1019	75,7	
11.	Жамбыл облысы	2961	77,9	78,7
12.	БҚО	1626	76,6	77,0
13.	Ұлытау облысы	373	72,8	77,0
14.	Атырау облсы	1890	75,4	78,4
15.	Маңғыстау облысы	4762	75,4	76,4
16.	Қостанай облысы	325	76,1	75,6
17.	Түркістан облысы	7409	78,7	76,0
18.	Астана қаласы	1827	72,6	
19.	Павлодар облысы	487	71,7	75,4
20.	Алматы облысы	5754	72,2	75,9
	Барлығы	43724	76,8	76,9

Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

Қорытынды тестілеудің алғашқы нәтижесі бойынша шекті балл жинай алмаған педагогтерге тесті қайта тапсыру мүмкіндігі берілді.

Негізгі деңгей бойынша жүргізілген қорытынды тестілеу нәтижесінде үш мүмкіндіктен кейін де шекті балл жинай алмаған педагогтер саны – 1 301 (2,9%). Сонымен қатар, 21 педагогтің (2%) тестілеу нәтижелері тестілеу барысында академиялық адалдық қағидаларын бұзу фактілері анықталуына байланысты күшін жойды. Қорытынды тестілеу нәтижелері бойынша шекті балл жинай алмаған педагогтерге пәндік курстардан қайта өту ұсынылды (30-кесте).

30-кесте. Кәсіби даму бағдарламасының негізгі деңгейі бойынша қорытынды тестілеуден өте алмаған педагогтер туралы деректер

	Аймақ	Барлық педагог саны	Шекті балл жинай алмаған	Жиналған балл бойынша бөлу (адам саны)			
				Өте төмен (0–6 балл)	Төмен (7–12 балл)	Шекті балл деңгейіне жетпеген (13–14 балл)	Жойылған
1.	Абай облысы	2040	49	1		17	
2.	Ақмола облысы	412	15	1	7	6	1
3.	Ақтөбе облысы	826	13	1	4	8	
4.	Алматы облысы	5754	242	6	140	91	5
5.	Атырау облысы	1890	59	6	35	18	
6.	ШҚО	601	18	1	11	6	
7.	Алматы қаласы	1019	22	3	10	7	2
8.	Астана қаласы	1827	123	7	62	54	
9.	Шымкент қаласы	3124	59	4	30	25	
10.	Жамбыл облысы	2961	81	4	45	32	
11.	Жетісу облысы	2400	19	1	13	5	
12.	БҚО	1626	51	4	27	20	
13.	Қарағанды облысы	3009	18		9	9	
14.	Қостанай облысы	325	14		7	7	
15.	Қызылорда облысы	2314	42	2	32	7	1
16.	Маңғыстау облысы	4762	194	13	100	77	4
17.	Павлодар облысы	487	34		26	8	
18.	СҚО	564	16		5	11	
19.	Түркістан облысы	7410	228	16	111	93	8
20.	Ұлытау облысы	373	4	1		3	
	Жалпы саны	43 724	1 301	71 (5%)	705 (54%)	504 (39%)	21 (2%)

Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

Өңірлік білім беру басқармаларына сертификаттауға ұсынылмаған педагогтерге қатысты басқарушылық шешімдер қабылдау мәселелерін қарастыру ұсынылды, оның ішінде кәсіби даму курстарынан қайта өту мүмкіндігін ұйымдастыру да бар.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ тарапынан шекті деңгейден өте алмаған педагогтерге арналған пәндік білім бойынша қажеттіліктерді өтеу мақсатында қосымша курстар мен қолдау бағдарламалары әзірленетін болады. Алынған деректер әдістемелік материалдарды түзету және курстардың мазмұнын мұғалімдердің нақты қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында да пайдаланылады.

Жалпы, Бағдарламаның Негізгі деңгейі мақсатты мектептердің педагогтерінің пәндік құзыреттерін арттыруға ғана емес, сонымен қатар білім алушылармен тиімді жұмыс істеуге қажетті кәсіби қолдаудың тұрақты ортасын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Негізгі деңгей бағдарламасының әр модулі аяқталғаннан кейін кері байланыс алу мақсатында курстың даушыларына сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша педагогтердің 98,9%-ы курстың сапасы мен тиімділігіне оң баға берген, ал 97,2%-ы курс мазмұнының өздерінің кәсіби қажеттіліктеріне сәйкестігін атап өтті. Бұл сауалнама педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бағдарламаларын одан әрі жобалау мен жетілдіру барысында



олардың ұсыныс-пікірлерін ескеруге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, педагогтердің кәсіби қиындықтарын анықтау мақсатында оқу үдерісін ұйымдастыру кезіндегі өзін-өзі бағалауға бағытталған қосымша сауалнама жүргізілді. Қатысушыларға педагогикалық қызметтің әртүрлі кезеңдерінде туындайтын қиындықтарды бағалау ұсынылды. Оқу үдерісінің бес құрамдас бөлігі бойынша ең көп қиындық тудыратын аспектілер «Оқыту» бөлімімен байланысты (3-сурет).

3-сурет. Оқу үдерісін ұйымдастыру барысында туындаған қиындықтар бойынша мұғалімдерге арналған сауалнама нәтижелері




Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

Оқу нәтижелері бойынша әрбір педагогке білімін тереңдетуді және өзектендіруді қажет ететін тақырыптар, кәсіби және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамыту бойынша ұсынымдар қамтылған Жеке есеп ұсынылды. Есеп педагогтерге өздерінің күшті жақтарын және әрі қарай кәсіби дамуға арналған бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді.

Білім беру басқармаларына арналған нәтижелер Power BI платформасында әзірленген дашборд форма-

тында ұсынылды. Ақпараттық панель барлық өңірлер бойынша деректерді қамтиды және педагогтердің еңбек өтілі, біліктілік санаты сияқты түрлі параметрлер бойынша ыңғайлы визуализация, фильтрация және терең талдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Мұндай тәсіл өңірлерге деректерді өз бетінше бақылауға, проблемалық аймақтарды анықтауға және педагогтердің практикасын қолдауға бағытталған тиімді шаралар қабылдауға мүмкіндік береді (4-сурет).

4-сурет. Деректермен жұмыс істеуге арналған ақпараттық панель / дашборд



Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

<https://app.powerbi.com/view?r=eyJrIjoiZWZhOTcwZmQtZDI1My00OTdhLWEwMjYtMjEzYzcxOTBmZDAwIiwidCI6IjMwYmZhNjViLTkyY2YtNDE0YS1iMjE2LTdhZGY3NTY1OTNhOSIsImMiOiJ9>

Педагогтердің әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары

Метапәндік оқыту технологияларын тиімді енгізу педагогтің пәннен жоғары деңгейдегі білімдері мен дағдыларының қалыптасу деңгейін, сондай-ақ әлеуметтік және эмоционалдық құзыреттерді дамыту қабілетін көздейді. Бұл — қазіргі заманғы педагог бейнесінің ажырамас бөлігі.

Осыған сай талаптар «Педагог» кәсіби стандартымен белгіленген

(ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы).

Педагогтің кәсіби құзыреттерінің шеңбері тек кәсіби білімге, оқыту/тәр-

биелеу тәжірибесіне ғана емес, сонымен қатар кәсіби құндылықтар мен кәсіби дамуға қойылатын критерийлер мен индикаторларды да қамтиды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ алғаш рет «Нысаналы мектептер» жобасы аясында педагогтердің жеке тұлғалық өзін-өзі дамытуына қажетті ең маңызды негізгі метапәндік құзыреттерді айқындау мақсатында педагогтердің әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын (ӘЭД) өзіндік бағалау жүргізді.

Негіз ретінде халықаралық зерттеулердің нәтижелері қабылданды

(Jennings және Greenberg зерттеулері (2009), Финляндия мен Сингапур тәжірибесі, Durlak мета-талдауы (2011), Kim және Asbury зерттеуі (2020), OECD зерттеуі (2021)).

Педагогтердің ӘЭД өзіндік бағалау құралдары халықаралық сарапшылар қауымдастығы мойындаған және валидтелген әдістемелер негізінде әзірленді (Dweck Mindset Test сауалнамасы, Кэрл Двек (2006), Motivated Strategies for Learning Questionnaire (MSLQ) (1991), Collective Efficacy Scale (CE-SCALE) Годдард (2000), Social and Emotional Learning Framework, SEL – Америкалық зерттеу институты, AIR, 2014).

Педагогтердің ӘЭД кешенді бағалауы 108 сұрақтан тұрады және келесі негізгі компоненттерді қамтиды: өсуге бағытталған ойлау, мотивация, ұжымдық тиімділік, өзін-өзі тану, өзін-өзі басқару, әлеуметтік сана, қарым-қатынас дағдылары, жауапты шешім қабылдау.

ӘЭД бағалауға 43 мыңнан астам педагог қатысты. Тестілеу аяқталғаннан кейін деректер құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында шифрланды. Нәтижелер кейінгі талдау үшін ыңғайлы форматта құрылымдалды.

Педагогтердің ӘЭД бағалау аясындағы деректерді жинау lms.orleu-online.kz онлайн-платформасында жүргізілді. Бұл тәсіл тестілеу процесінің қолжетімділігі мен

тиімділігін қамтамасыз етті. Сауалнамалар қатысушыларға ыңғайлы уақытта толтырылды, бұл жауаптардың сапасын арттырды. Платформа сонымен қатар толтырылған анкеталарды сақтауға мүмкіндік берді. Қатысушылар белсенділігін бақылау зерттеу тобына толтырылған сауалнамалар санын бақылауға және қатысушылармен байланыста болуға мүмкіндік берді.

Педагогтердің жас ерекшелігі бойынша ӘЭД талдауы мынадай нәтижелерді көрсетті – жас педагогтер (25 жасқа дейін) өсуге бағытталған ойлау мен мотивация бойынша жоғары нәтижелер көрсетті, бұл олардың кәсіби дамуға жоғары дайындығын және жетістікке жетуге ұмтылысын білдіреді. Алайда өзін-өзі тану, өзін-өзі басқару, әлеуметтік сана, қарым-қатынас дағдылары және жауапты шешім қабылдау сияқты дағдылар жас ұлғайған сайын артып, ең жоғары көрсеткіштерге егде жастағы педагогтер (45 жастан жоғары) арасында жетеді.

Педагогтердің ӘЭД даму деңгейі әртүрлі топтарын анықтау үшін K-means алгоритмін қолдана отырып кластерлік талдау жүргізілді. Барлық қарастырылған санаттар бойынша ең жоғары көрсеткіштерді төртінші кластерге кіретін педагогтер көрсетті, олардың жалпы үлесі 8%-ды құрады (31-кесте).

31-кесте. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар (ӘЭД) бойынша қорытынды тестілеу мен сауалнама нәтижелерін талдау қорытындылары

Кластерлер	1	2	3	4
Кластер сипаттамасы	ӘЭД және қорытынды тест нәтижелері бойынша төмен көрсеткіштерге ие.	ӘЭД және қорытынды тест нәтижелері бойынша орташа көрсеткіштерге ие.	ӘЭД көрсеткіштері жоғары, бірақ қорытынды тест нәтижесі төмен.	ӘЭД және қорытынды тест нәтижелері бойынша жоғары көрсеткіштерге ие.
Кластердегі педагогтер үлесі	1,6%	66,6%	23,7%	8,1%

Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

Аталған кластердің өкілдері әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды дамытуда әріптестерін белсенді қолдай алатын және табысты педагогикалық тәжірибелерімен бөлісе алатын педагогикалық көшбасшылар ретінде сипатталуы мүмкін (32-кесте).

32-кесте. ӘЭД және пәндік қорытынды тест бойынша жоғары нәтижелер көрсеткен педагогтердің көрсеткіштері / 4-кластер

	Өңір	Барлығы	Педагогтер	
			саны	үлесі
1	Шығыс Қазақстан облысы	601	221	37%
2	Ақмола облысы	412	146	35%
3	Шымкент қаласы	3 124	375	12%
4	Солтүстік Қазақстан облысы	564	68	12%
5	Қарағанды облысы	3 009	345	11%
6	Абай облысы	2 040	222	11%
7	Жетісу облысы	2 400	240	10%
8	Жамбыл облысы	2 961	261	9%
9	Батыс Қазақстан облысы	1 626	148	9%
10	Астана қаласы	1 827	146	8%
11	Қызылорда облысы	2 314	179	8%
12	Ақтөбе облысы	826	57	7%

13	Қостанай облысы	325	23	7%
14	Түркістан облысы	7 410	555	7%
15	Павлодар облысы	487	28	6%
16	Алматы қаласы	1 019	48	5%
17	Атырау облысы	1 890	88	5%
18	Маңғыстау облысы	4 762	234	5%
19	Ұлытау облысы	373	17	5%
20	Алматы облысы	5 754	154	3%
Барлығы		43 724	3 555	8%

Сауалнама нәтижелері бойынша барлық тыңдаушыларға кәсіби дамудың келесі кезеңдеріне арналған ұсынымдары бар жеке есептер ұсынылды.

Бұл - кәсіби құзыреттер мен әрбір әлеуметтік-эмоциялық дағдыны (ЭЭД) терең өзіндік талдау жасауға, күшті жақтарын анықтауға және кәсіби өсу басымдықтарын белгілеуге арналған құнды құрал болып табылады.

Педагогтерге өз нәтижелері Қазақстан Республикасы бойынша жалпы көрсеткіштермен салыстырмалы түрде ұсынылды (5-сурет).

5-сурет. Әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды (ЭЭД) бағалау бойынша жеке есептің үлгісі



Өсу ойлауы — қабілеттер мен интеллектіні күш-жігер мен тиімді стратегиялар арқылы дамытуға болатындығына деген сенім.
Өзін-өзі тану — өз эмоцияларын, ойларын және мінез-құлқына әсерін түсіну, өзінің күшті және әлсіз жақтарыңды сезіну қабілеті.
Өзін-өзі басқару — мақсаттарға жету үшін эмоциялар, ойлар және мінез-құлықты басқару қабілеті.
Әлеуметтік сана — басқалардың көзқарастарын түсіну және әлеуметтік-мәдени контексттерді ескере отырып, жанашырлық таныту қабілеті.
Қарым-қатынас дағдылары — тиімді қарым-қатынас жасау, командада жұмыс істеу және қақтығыстарды шешу қабілеті.
Жауапты шешім қабылдау — өзің мен айналаңдағылар үшін салдарын ескере отырып, негізделген шешім қабылдау қабілеті.
Ұжымдық тиімділік — педагогикалық қауымдастықтағы бірлескен әрекет оқушыларға оң әсер етеді деген мұғалімдердің сенімі.
Мотивация — өз қабілеттеріне, мақсаттарына және тапсырмалардың маңыздылығына деген сенімге негізделген сенім, сондай-ақ тапсырмаларды орындауға деген эмоциялық жауап, бұл күш салу мен қатысу деңгейіне әсер етеді.

Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ деректері

Мұндай дербестендірілген тәсіл әрбір педагогтің жеке прогресін ынталандырады, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, оқыту мен тәрбиелеудің жағымды ортасын қалыптастыруға, білім алушылармен тиімді өзара әрекеттестік орнатуға ықпал етеді.

Негізгі деңгей бағдарламасы

Базалық деңгейді аяқтағаннан кейін педагогтер кәсіби дамудың Негізгі деңгейі бойынша оқуды офлайн форматта жалғастырды (33-кесте).

Осы деңгейге арналған білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Сараптамалық кеңесімен келісілген.

Негізгі деңгей бағдарламаларының мазмұны мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын педагогикалық оқыту және оқыту технологиялары арқылы дамыту стратегияларын қарастырады.

33-кесте. «Өрлеу» БАҰО» негізгі деңгей курсы бойынша нысаналы мектептердің педагогтерін оқыту туралы ақпарат

№	Өңір	НМ саны	Педагогтер контингенті (жоспар)	Оқытылды (факт)	
				Педагогтер саны	%
1	Ақмола облысы*	16	413	400	96,9
2	Ақтөбе облысы	14	794	691	87,0
3	ШҚО	25	300	268	89,3
4	БҚО	37	1561	1425	91,3
5	Қостанай облысы	15	288	247	85,8
6	Қызылорда облысы	27	681	636	93,4
7	Түркістан облысы	162	1200	1200	100,0
8	Астана қаласы	13	1006	747	74,3
Барлығы		309	6 243	5 614	90

Негізгі деңгей бойынша біліктілікті арттыру курстары (БАК) аясындағы бағалау (диагностикалық, аралық және қорытынды) оқудың барлық кезеңдерінде арнайы әзірленген құралдар арқылы жүргізілді. Осы деңгей бойынша педагогтерді қорытынды бағалау Бағалауға арналған нұсқаулыққа сәйкес жүргізілді. Бағалау тапсырмасы – мектеп оқушыларының функционалдық құзыреттіліктерін

дамытуға бағытталған екі тапсырма әзірлеу және оған кемінде 150–200 сөзден тұратын әдістемелік негіздеме жазу. Педагогтердің жұмысы тренер тарапынан 100 балл шкаласы бойынша бағаланып, плагиатқа тексерілді. Негізгі деңгейді аяқтағаннан кейін педагог кәсіби дамудың Күрделі (ілгерілетілген) деңгейі бойынша оқуын жалғастырды. Бағдарламалар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Сараптамалық кеңесімен келісілген.

Ілгері деңгей

Ілгері деңгей (офлайн) білім беру үдерісінде жағымды эмоционалды орта қалыптастыру тәжірибелерін жетілдіру арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ жетілдірілген деңгейдегі біліктілікті арттыру курстарының 11 білім беру бағдарламасы әзірленді.


Бағдарламалардың мақсаты – сыныптағы тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту, қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру, оқу жетістіктерін бағалау әдістерін жетілдіру, сондай-ақ педагогикалық тәжірибеде цифрлық сауаттылықты арттыру және жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы педагогтердің кәсіби

дамуына ықпал ету.

Оқудың ілгері деңгейі аяқталған кезде педагогтер Бағалауға арналған нұсқаулыққа сәйкес қысқа мерзімді сабақ жоспарын (ҚМЖ) әзірлейді. Қорытынды жұмыс 4 критерий бойынша бағаланады: сабақтың мақсатын анықтау, оқыту әдістерін таңдау, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану, бағалау құралдарын әзірлеу.

Қорытынды бағалаудан өтудің шекті пайызы – 60% (максималды 16 баллдан кемінде 10 балл жинау қажет). Қорытынды жұмысты бағалау топ тренерінің бағалау парағы негізінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаларды іске асыру 2025 жылға жоспарланған.



4.2. «Жайлы мектептер» жобасы

2024 жылғы қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған мектептерге арналған «Жеке басқару жүйесін қарастыруды» тапсырды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасымен «Өрлеу» БАҰО «Жайлы мектептер» педагогтерінің кәсіби дамуына арналған кешенді бағдарлама жобасын әзірледі. Бағдарлама 4 негізгі бағытты қамтиды: мұғалімдерді тарту және іріктеу, кәсіби даму, тиімділікті мониторингтеу, қолдау және ынталандыру шаралары.

Осы тұрғыда жұмыстың негізгі бағыттары айқындалды:

- педагогикалық сыныптарды қалыптастыру және ерте кәсіби бағдар беруді енгізу;
- болашақ педагогтерді проактивті жұмысқа орналастыру тетіктерін әзірлеу;
- педагогтер мен басшыларды конкурстық іріктеу және мансаптық сүйемелдеу жүйесін енгізу;
- тәлімгерлік және көшбасшылық жүйелерін іске асыру;
- тиімді тұрақты бағалау жүргізу және әділ ынталандыру жүйесін әзірлеу;
- цифрлық платформамен желілік кәсіби қауымдастық құру

Педагогтерді кезеңмен даярлау аясында бастауыш мектеп бағдарлама-




сы мен негізгі пәндер (математика, физика, информатика, химия, биология, география, тарих, қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі) бойынша базалық мазмұндағы оқыту онлайн форматта жүргізілді.

Курстың мақсаты - педагогтердің пәндік білімін тереңдету, оқыту сапасын арттыру және оқушылармен тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту.

LMS платформасында пәндер бойынша оқу ресурстары мен қиындық туғызатын тақырыптарды анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалық тесттер енгізілген. Курс соңында әр тыңдаушыға пәндік кәсіби дамуын жетілдіруге бағытталған жеке ұсыныстар ұсынылды.

Базалық курс аясында 35 мектептен 2 170 педагог оқыды, оның ішінде 14 мектеп директоры, 78 директордың орынбасары және 2 078 мұғалім бар (6-сурет).


6-сурет. 2024 жылы базалық деңгейді оқыған педагогтердің саны



Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ

Сонымен қатар, «Күрделі әлем үшін білім беру аспектісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби даму жүйесін құру: парадигма, әдістеме, цифрлық құралдар» бағдарламасы бойынша жайлы мектептер педагогтерінің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсатында 11 мектептен 104 педагог оқытылды. Курстың мақсаты – кәсіби және тұлғалық өсуін өзіндік басқаруға және білім беру тәжірибесін жетілдіруге бағыттау. (7-сурет).

7-сурет. Курстан өткен педагогтер саны, 2024 жыл



Дереккөз: «Өрлеу» БАҰО» АҚ

2024 жылғы 30-31 қазанда «Жайлы мектептер» жобасы аясында «Педагогтердің команда құру және цифрлық сауаттылық бағытындағы кәсіби дағдыларын дамыту» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Іс-шараға барлығы 2 834 педагог қатысты, оның ішінде 35 мектептің директоры, 90 директордың орынбасары және 2 709 мұғалім.

4.3. «Ақтөбе облысында цифрлық ресурстарды қолдана отырып шағын жинақты мектептерді дамыту» жобасы

Шағын жинақты мектептердің (ШЖМ) проблемаларын шешу үшін 2023 жылы Ақтөбе облысының әкімдігі ҚР Білім министрлігімен бірлесіп, «Қазақстан халқына» қорының және тұрақты білім беруді дамыту Қорының қолдауымен «Цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, Ақтөбе облысындағы шағын жинақты мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына бастамашы болды.

Жоба 146 мектепті қамтыды (134 ШЖМ және 12 тірек ауылдық мектеп)

«Өрлеу» БАҰО біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды. ШЖМ басшылары мен педагогтері үшін-жобаға қатысушылар.

Ақтөбе облысының ШЖМ-де оқу процесін цифрландыру бойынша біліктілікті арттырудан 204 басшы мен 1068 педагог өтті. Өткізілген курстардың нәтижелері бойынша 2023-2024 жылдар кезеңінде курстан кейінгі сүйемелдеу өткізілді.

Курстан кейінгі сүйемелдеу шең-

берінде «Шағын жинақты мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» білім беру бағдарламасы бойынша үздіксіз мониторинг және әдістемелік және консультациялық көмек көрсету арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

Курстан кейінгі сүйемелдеу электрондық поштаны, мессенджерлерді және әлеуметтік желілерді (WhatsApp, Telegram, Facebook және т. б.) пайдалана отырып, курс оқытушыларының онлайн-консультациялары, «Өрлеу» виртуалды қоғамдастығындағы жұмыс арқылы жүзеге асырылды (<https://forum.orleu-edu.kz/>), ресурстық қамтамасыз ету (цифрлық білім беру ресурстары, әдістемелік материалдар, ғылыми-әдістемелік басылымдар каталогы, «АҚ филиалдарының депозитарийі «Өрлеу» БАҰО», Youtube-тегі «Өрлеу» білім беру арнасы: <https://www.youtube.com/channel/Uct4cyznilsPkFaFhnO9JeBw>).

Курстан кейінгі Facebook-те «Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану» бағдарламасы бойынша сүйемелдеу электрондық пошта, ұялы

байланыс, мессенджерлер (WhatsApp), әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram) және бейнеконференциялар өткізуге арналған платформалар (Zoom, Teams, Google Meet және т. б.) және «Өрлеу» виртуалды желілік қоғамдас-тығы арқылы жүзеге асырылды: <https://forum.orleu-edu.kz/>.

2024 жылдың қаңтарында «ШЖМ-де білім беру процесінде цифрлық ресурстарды қолдану практикасы» оқыту семинары өткізілді. Семинар барысында қатысушылар Flippity, Spiner, Kahoot, Joyteka, Jamboard – Google, Oblako – Google, Zipgrade, Canva, Pinterest, Classroomscreen сияқты цифрлық қосымшаларды, сондай-ақ «Aman Sultan» платформасын пайдалану бойынша білімдерін тереңдете түсті.

2024 жылдың шілдесінде жо-баның білім беру ортасына әсерін анықтау мақсатында зерттеу жүр-гізілді. Сауалнамаға Ақтөбе облысы

ШЖМ-нің 1232 мұғалімі қатысты. Сауалнама онлайн-платформаны пайдалана отырып жүргізілді, бұл әртүрлі өңірлерден келген мұғалімдердің кеңінен қатысуын қамтамасыз етті. Сауалнама сұрақтары демографиялық деректерді, кәсіби дайындықты, ма-териалдық-техникалық базаны баға-лауды, сондай-ақ ұсынылған курстар мен әдістемелік қолдаудың тиімділі-гін қамтыды. Сауалнама нәтиже-лері «Шағын жинақты ауылдық мек-тептердің әлеуетін дамыту» жобасы мұғалімдердің білім беру ортасына және кәсіби дамуына оң әсерін ти-гізгенін көрсетеді. Педагогтер мен басшылар әдістемелік қолдауға және курстан кейінгі қолдауға қанағатта-нушылықтарын білдірді. Зерттеу ая-сында жобаға қатысқан мектептер арасында мұғалімдермен және білім беру ұйымының басшыларымен фо-кус топтар өткізілді.







V. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

2024 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ ғылыми-зерттеу бағытын жүйелі түрде дамытып, оны педагогтердің үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін орнықты және ғылыми негізделген дамыту құралы ретінде қарастырды.

Ғылыми-зерттеу қызметі білім сапасын арттыру, педагогикалық білім беруді жаңғырту, ғылыми әзірлемелерді педагогтердің кәсіби дамуы практикасына енгізу, сондай-ақ ұлттық және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайту мәселелеріне бағытталды.

Маңызды бағыттардың бірі – 2023–2025 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарлама (ҒТБ) аясындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруға қатысу. Ұлттық консорциум құрамында «Өрлеу» «Күрделі әлемге білім беру аспектісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби даму жүйесін құру: парадигма, әдіснама, цифрлық құралдар» тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуде.

2024 жылы диагностикалық құралдар әзірленіп, кең ауқымды деректер жиналды, бастапқы талдау мен

ұсынылған модельдердің апробациясы жүргізілді. Барлық аралық нәтижелер <http://orleu-edu.kz> арнайы онлайн платформасында жүйеленіп, зерттеу материалдарына ашық қолжетімділік қамтамасыз етілді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған қазақ фольклоры негізіндегі анимациялық цифрлық контент әзірлеуге бағытталған АР14870635 жобасы аяқталды. Жасалған материалдар педагогикалық сараптамадан өтіп, ашық қолжетімділікке шығарылып, мектепке дейінгі ұйымдар тарапынан оң пікірлерге ие болды.

ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Ұлттық комиссиясымен және БҰҰ-Әйелдер ұйымымен бірлескен серіктестік жобасы ерекше назарға ие болды. Бұл жоба аясында педагогтердің гендерлік сезімталдығын дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру бағдарламасы әзірленіп, апробациядан өтіп, біліктілікті арттыру ұйымдарына кеңінен енгізуге ұсынылды.

Серіктестік форматтағы зерттеулерді дамыту

2024 жылы «Өрлеу» ҚР Оқу-ағарту министрлігі және British Council ұйымымен бірлесіп ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби даму Рамкасын (CPD

Framework) әзірлеу жұмысын аяқтады. Бұл құжат ресми түрде таныстырылып, халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағаға ие болды.

«Өрлеу» филиалдарының ғылыми-зерттеу белсенділігі

2024 жылы филиалдар 22 ғылыми жобаны іске асырды:

- **10 жоба** – сыртқы ұйымдармен серіктестікте (45%);
- **9 жоба** – филиал ішілік деңгейде (41%);
- **3 жоба** – халықаралық серіктестік негізінде (14%).

Ғылыми жарияланымдар белсенділігі де оң қарқынмен дамуда. 2024 жылы 448 мақала жарияланды:

- **13 мақала** – Scopus және Web of Science базаларындағы рецензияланған журналдарда;
- **13 жарияланым** – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда;
- **280 мақала** – республикалық ғылыми-әдістемелік басылымдарда;
- **168 мақала** – халықаралық ғылыми форумдар материалдарында жарық көрді.

Қосымша ғылыми-әдістемелік өнімдер әзірленді:

- **25** әдістемелік құрал;
- **4** әдістемелік нұсқаулық;
- **12** әдістемелік ұсыныстар жинағы;
- **3** монографиялар.

Зияткерлік меншікті құқықтық қорғау негізінде тіркелген:

- **1 пайдалы** модельге патент;
- **15 авторлық құқық куәлігі**, соның ішінде цифрлық білім беру контентіне.



Ғылыми және сараптамалық қызмет

2024 жылы филиалдар ұйымдастырған 430 ғылыми, әдістемелік және тарау іс-шарасының құрылымы:

- **29** – халықаралық деңгейде (7%);
- **46** – республикалық деңгейде (11%);
- **355** – өңірлік деңгейде (82%).

Еліміздегі білім беру ұйымдарының педагогтерін тарта отырып өткізілген іс-шаралар саны бойынша көшбасшы филиалдар – Астана қаласы (92 іс-шара), Жамбыл облысы (69) және Ақтөбе облысы (43) болды.

Филиал қызметкерлері сарапшы, спикер және модератор ретінде 208 сыртқы іс-шараға қатысты. Ең жоғары белсенділік Алматы қаласы (56), Ақмола облысы (50), Маңғыстау облысы (24) және Ақтөбе облысы (20) филиалдары тарапынан байқалды.

Біліктілікті арттыру және халықаралық академиялық ұтқырлық

Кадрлық әлеуетті дамыту және тренерлік құрамның зерттеушілік құзыреттіліктерін арттыру мақсатында 2024 жылы бірқатар халықаралық білім беру тағылымдамалары жүзеге асырылды (Ұлыбританияның білім беру көшбасшылығы бағдарламасы, NILE бағдарламасы (Norwich Institute for Language Education, UK), AELLCA халықаралық жобасы аясындағы ағылшын тілін құзыреттілік тәсілінде оқыту дағдыларын дамыту бағдарламасы).





VI. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ПАНОРАМАСЫ» БАЙҚАУЫ



2024 жылдың маңызды оқиғаларының бірі – барлық білім берудеңгейлеріндегі ұйымдарға арналған «Педагогикалық идеялар панорамасы» атты жыл сайынғы республикалық бейне сабақтар мен бейнедәрістер байқауының қорытынды кезеңінің өткізілуі.

Педагогтерге арналған кәсіби ше-

берлік байқауларының ресми тізіміне енген бұл конкурс оқушылардың ерте және функционалдық сауаттылығын пәнаралық негізде дамытуға ықпал ететін үздік педагогикалық тәжірибелерді анықтауға, жинақтауға және таратуға бағытталған.

Байқауды ұйымдастыру және



ақпараттық қолдау <http://orleu-edu.kz> мамандандырылған порталы арқылы жүргізілді. Онда қатысу шарттары, байқау материалдарына қойылатын талаптар және өткен жылдардағы үздік бейнесабақтардың мұрағаты орналастырылған. Өтінімдер мен жұмыс тіркеуі электронды форматта жүзеге асырылды, бұл байқау кезеңдерінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етті.

2024 жылы өңірлік кезеңдерге еліміздің барлық аймақтарынан педагогтер қатысты. Жалпы саны 4 923 конкурс материалы тіркеліп, олардың 256-сы жеңімпаз деп танылып, республикалық кезеңге ұсынылды.

Үздік бейнематериалдар ӨРЛЕУ білім беру арнасы атты ресми YouTube-арнасына орналастырылды. Бүгінде бұл арнада 93 мыңнан астам жазылушы бар. Бұл бейнематериалдардың еліміздегі педагогикалық қауымдастық пен қызығушылық танытқан барлық пайдаланушыларға кеңінен қолжетімді болуын қамтамасыз етті.

Байқаудың қорытындысы 2024 жылғы желтоқсан айында өткен республикалық кезең жеңімпаздарын марапаттау рәсімімен аяқталды. Жұмыстар функционалдық сауаттылықтың 12 бағыты бойынша бағаланды. Жүлдегерлер мен видеоматериалдары ең көп қаралым жинаған авторлар дипломдармен және сертификаттармен марапатталды.

2024 жылы өткізілген конкурстың ерекшелігі Алматыдағы ЮНЕСКО-ның өңірлік бюросының қатысуы болды. Байқау тарихында алғаш рет халықаралық ұйым өкілдері сараптамалық бағалау жүргізіп, «Жаһандық азаматтық рухындағы білім беру» және «Климаттың өзгеруі жөніндегі білім беру» номинациялары бойынша арнайы дипломдар табыстады. Бұл бастама педагогтердің ынтасын арттырып қана қоймай, байқаудың ғылыми-әдістемелік деңгейін айтарлықтай көтеріп, оны халықаралық сараптамалық бағалау стандарттарына жақындатты.



**«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ» АҚ-НЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Астана қ.

